

## Түркістан облысы Сарыагаш ауданының әкімшілік-аумақтық құрылышындағы өзгерістер туралы

Түркістан облысы әкімдігінің 2023 жылғы 20 қыркүйектегі № 206 бірлескен қаулысы және Түркістан облысы мәслихатының 2023 жылғы 11 қыркүйектегі № 5/69-VIII шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 21 қыркүйекте № 6350-13 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 2), 3)-тармақшаларына сәйкес, Түркістан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Түркістан облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Сарыагаш ауданы Құркелес ауылдық округінен Дархан елді мекенін беру жолымен әкімшілік орталығы Көктерек кентінде болатын Көктерек ауылдық округі әкімшілік-аумақтық бірлігі құрылсын.

2. Сарыагаш ауданы Құркелес ауылдық округінің Дархан елді мекенінің 1093,20 гектар жерлері мен Көктерек кентінің 656,03 гектар жерлері Көктерек ауылдық округінің әкімшілік бағыныстылығына беріліп, Көктерек ауылдық округінің жалпы көлемі 1749,23 гектар шекарасында белгіленсін.

3. Сарыагаш ауданы Құркелес ауылдық округінің Дархан елді мекенінің 1093,20 гектар жерлерін Көктерек ауылдық округінің шекарасына беру арқылы Сарыагаш ауданы Құркелес ауылдық округінің шекарасы өзгертіліп, жалпы көлемі 11684,72 гектар шекарасында белгіленсін.

4. Осы бірлескен Түркістан облысының әкімдігінің қаулысының және Түркістан облыстық мәслихаты шешімінің орындалуын бақылау Түркістан облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы бірлескен Түркістан облысы әкімдігінің қаулысы мен Түркістан облыстық мәслихатының шешімі оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Түркістан облысының әкімі

Д. Сатыбалды

Түркістан облыстық

мәслихатының төрағасы

Н. Абишов